

"Электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 45/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің м.а. 2026 жылғы 25 маусымдағы № 353/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 26 маусымда № 39104 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 45/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16883 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Цифрлық ресурстардың резервтік көшірмелерін цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Киберқауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 9 қазандағы № 846 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 62) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған цифрлық ресурстардың резервтік көшірмелерін цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру қағидалары мен мерзімдері бекітілсін";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Цифрлық ресурстардың резервтік көшірмелерін цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру қағидалары мен мерзімдері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық даму
министрінің міндетін атқарушы

Д. Мусалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект
және цифрлық даму
министрінің міндетін атқарушы
2026 жылғы 25 маусымдағы
№ 353/НҚ
бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 45/НҚ
бұйрығымен бекітілген

Цифрлық ресурстардың резервтік көшірмелерін цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру қағидалары мен мерзімдері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы цифрлық ресурстардың резервтік көшірмелерін цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Киберқауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 18-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 9 қазандағы № 846 қаулысымен бекітілген Қазақстан

Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 62) тармақшасы негізінде әзірленді және цифрлық ресурстардың резервтік көшірмелерін цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына берудің тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аса маңызды цифрлық объектілер (бұдан әрі – АМЦО) – жұмыс істеуінің бұзылуы немесе тоқтауы қолжетімділігі шектелген дербес деректерді және заңмен қорғалатын құпияны қамтитын өзге де мәліметтерді заңсыз жинауға және өңдеуге, әлеуметтік және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына немесе қорғаныс, қауіпсіздік, халықаралық қатынастар, экономика, шаруашылықтың жекелеген салалары үшін немесе тиісті аумақта тұратын халықтың тыныс-тіршілігі, оның ішінде жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, өнеркәсіп, денсаулық сақтау, байланыс, банк саласы, көлік, гидротехникалық құрылысжайлар, құқық қорғау қызметі, "цифрлық үкімет" инфрақұрылымы үшін елеулі теріс салдарға алып келетін цифрлық объектілер;

2) жедел резервтеу – қосымша бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану және оларды белсенді режимде ұстау және (немесе) нақты уақыт режимінде (немесе 1 сағатқа кідірумен нақты уақытқа жақын) өзгерістерді беруді және ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету;

3) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығы (бұдан әрі – КҰҰО) – "Мемлекеттік техникалық қызмет" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – "МТҚ" АҚ) құрылымдық бөлімшесі;

5) Мемлекеттік техникалық қызмет – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған мемлекеттік заңды тұлға;

6) резервтік көшірме – деректер базасын және қажет болған жағдайда қолданбалы бағдарламалық қамтылымды олар жоғалған, зақымдалған, бұзылған немесе заңсыз өзгертілген және жойылған жағдайда бастапқы түрінде қалпына келтіруге арналған деректер базасының және қажет болған жағдайда қолданбалы бағдарламалық қамтылымның электрондық тасымалдағыштағы көшірмесін жасаудың сәтті аяқталған процесінің нәтижесі;

7) ұзақ мерзімді сақтау – екі жылдан артық сақтау мерзімімен цифрлық ресурстардың резервтік көшірмелерін цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына бір реттік беру;

8) цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасы (бұдан әрі – БҰРП) – цифрлық ресурстардың сақталуын қамтамасыз ету және қажет болған

жағдайда деректерді қалпына келтіру мақсатында, олардың резервтік көшірмелерін сақтауға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен.

9) іске қосусыз резервтеу – деректерді қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істеп тұрған немесе сөндірілген цифрлық ресурстар операциялық жүйе құралдарымен резервтік көшірме жасау.

2-тарау. Цифрлық ресурстардың резервтік көшірмелерін цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру тәртібі

3. АМҚО иесі цифрлық ресурстардың (бұдан әрі – ЦР) резервтік көшірмелерін осы Қағидаларға сәйкес тәртіпте БҰРП-ға береді.

4. "МТҚ" АҚ АМҚО иелеріне ЦР резервтік көшірмелерін БҰРП-ға беру туралы ақпаратты жібереді.

5. АМҚО иелері "МТҚ" АҚ-дан ақпаратты алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен кешіктірмей "МТ" АҚ-ға әрбір ЦР бойынша:

1) резервтік көшірудің ағымдағы мерзімділігі туралы ақпаратты қамтитын құжаттың көшірмесін;

2) осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысанда ЦР-дың техникалық сипаттамалары туралы мәліметтерді жібереді.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылдың 9 қазандағы № 846 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 385) тармақшасына сәйкес бекітілетін АМҚО тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) және әрбір АМҚО иесінен алынған ақпарат негізінде "МТҚ" АҚ уәкілетті органмен келісім бойынша БҰРП-ға беру үшін ЦР резервтік көшірудің мерзімділігін белгілейді.

7. "МТҚ" АҚ АМҚО иелеріне 20 (жиырма) жұмыс күн ішінде орындау үшін жазбаша ресми түрде мынадай мәліметтер жолдайды:

1) ЦР атауы;

2) БҰРП-ға беру үшін ЦР резервтік көшірудің мерзімділігі;

3) КҰҰО-ға қолжетімділік алу үшін мәліметтер.

8. "МТҚ" АҚ резервтік көшірмелерін беру үшін КҰҰО АМҚО иелеріне КҰҰО-ға қолжетімділік береді.

9. АМҚО иелері өз қаражаты есебінен, АМҚО иелерінің барлық инфрақұрылымының толық жоғалту (жойылу) жағдайларын есепке ала отырып, БҰРП-да сақталатын резервтік көшірмелерді АМҚО-ның қалпына келтіруі үшін жеткілікті көлемде, БҰРП-ға ("МТҚ" АҚ) ЦР резервтік көшірмелерін (сондай-ақ ЦР-ға құжаттама, нұсқаулық көшірмелерін, конфигурация файлдарын) дербес беруді ұйымдастырады. АМҚО-ның резервтік көшірмелерінің берілуі БҰРП-ға резервтік көшірмелерді қабылдау уақытша кейінге шегеру жағдайларынан басқа, "МТҚ" АҚ-дан ресми хабарлама алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күн ішінде іске асырылады.

10. Резервтік көшірме шифрланған түрде берілген жағдайда, шифрді ашу үшін шифрлау кілттері мен құралды шифрлау жүргізілген құралдар ЦР иелері жағында барлық инфрақұрылым жоғалған жағдайда қалпына келтіру мүмкіндігі үшін электрондық түрде "МТҚ" АҚ-ға беруге жатады.

11. "МТҚ" АҚ ЦР резервтік көшірмелерін қабылдауды:

- 1) техникалық ресурстардың жетіспеушілігі;
- 2) техникалық құралдардың АМҚО иелері талап ететін құралдармен үйлеспей;
- 3) серверлік, желілік жабдыққа, деректер базасын басқару жүйесіне және бағдарламалық қамтылымға лицензиялардың болмауы;
- 4) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауы уақытында уақытша тоқтатуды іске асырады.

12. ЦР резервтік көшірмелерін қабылдауды уақытша тоқтату үшін негіз "МТҚ" АҚ уәкілетті орган мен АМҚО иесіне себебін көрсете отырып ЦР резервтік көшірмелерін беру процесін тоқтата тұру қажеттілігі туралы жіберген ақпарат болып табылады. Тоқтата тұру мерзімі осы Қағидалардың 13-тармағында белгіленген беру мерзімдері ескеріле отырып уәкілетті органмен келісуге жатады.

3-тарау. Цифрлық ресурстардың резервтік көшірмелерін цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру мерзімдері

13. БҰРП-ға ЦР резервтік көшірмелерін беру мерзімдері:

1) бірінші кластағы ЦР және деректер базасы үшін – жедел резервтеу кезінде нақты уақыт (немесе 1 сағатқа кідірумен нақты уақыт режиміне жақын) режимінде және толық аяқталғанға дейін іске қосусыз резервтеу кезінде резервтік көшіруді аяқтау сәтінен бастап 24 сағаттан кешіктірмей резервтік көшірмені беруді бастау;

2) екінші кластағы ЦР үшін – толық аяқталғанға дейін іске қосусыз резервтеу кезінде резервтік көшіруді аяқтау сәтінен бастап 48 сағаттан кешіктірмей резервтік көшірмені беруді бастау;

3) үшінші кластағы ЦР үшін – толық аяқталғанға дейін іске қосусыз резервтеу кезінде резервтік көшіруді аяқтау сәтінен бастап 72 сағаттан кешіктірмей резервтік көшірмені беруді бастау.

ЦР класы Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 14-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес цифрлық объектілер сыныптауышына сәйкес айқындалады.

14. ЦР Тізбеден алынған жағдайда АМҚО иесі "МТҚ" АҚ-дан ақпарат алған күннен бастап 24 сағат ішінде КҰҰО-ға ЦР резервтік көшірмелерін беруді тоқтатады.

Цифрлық ресурстардың
резервтік көшірмелерін
цифрлық ресурстарды
сақтаудың бірыңғай
ұлттық резервтік
платформасына беру
қағидалары мен мерзімдеріне

Цифрлық ресурстардың техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер

№	ЦР толық атауы	Операциялық жүйе (нұсқа)	ДББЖ / БҚ / ҚБҚ (атауы / нұсқасы)	Деректер қорының өлшемі, Гб	Резервтіккөшірме (дамп) өлшемі, Гб	ДБ көлемінің жоспарлы жыл сайынғы ұлғаюы, Гб жүктеу
---	----------------	--------------------------	-----------------------------------	-----------------------------	------------------------------------	---

Кестенің жалғасы

Сервердің CPU саны	Сервердің CPU жүктемесі (%)	Сервердің ЖЖҚ көлемі, Гб	Резервтік көшірме құралдары	АМҚО иесі	ЦР класы	ЦР жауапты тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (егер қолжетімді болса)/ телефоны
--------------------	-----------------------------	--------------------------	-----------------------------	-----------	----------	---

Ескертпе:

- АМҚО – аса маңызды цифрлық объектілер;
- БҚ – бағдарламалық қамтылым;
- Гб – гигабайт;
- ДББЖ – деректер базасын басқару жүйесі;
- ДБ – деректер базасы;
- ЖЖҚ – жедел жады құрылғысы;
- ҚБҚ – қолданбалы бағдарламалық қамтылым;
- ЦР – цифрлық ресурстар.